

170 респондентов – студентов колледжа показало их отличные знания о Первом учителе Казахстана.

Оказалось, что студенты прекрасно знакомы с биографией И. Алтынсарина и монументальными объектами о нём. Так, на вопрос «Какие памятники Ибраю Алтынсарину вам известны? И где они находятся?» были названы и даже описаны памятники, улицы и учреждения, носящие имя И. Алтынсарина.

Интересны полные развернутые ответы на вопрос «Чем, на ваш взгляд, помогли труды И. Алтынсарина казахским детям и чему научили?». Среди ответов были такие: «эти труды помогли казахским детям быстро освоить русский язык, уважать свой народ, научили их трудолюбию, воспитали в них высокие нравственные качества». Такие ответы говорят о понимании студентами, будущими учителями, роли И. Алтынсарина в истории просвещения, о том, что его мечта о подготовке будущего поколения для служения народу не утратила своей актуальности и имеет большое значение и в наши дни.

Были названы известные и менее известные произведения И. Алтынсарина, а так же произведения русских поэтов, переведенных И. Алтынсариним на казахский язык.

По результатам исследования стало видно, что наша молодежь в возрасте от 16 до 21 года хорошо знакома с жизнедеятельностью И. Алтынсарина и готова делиться своими знаниями.

Мы вправе гордиться тем, что наш край дал миру таких замечательных людей, внесших достойный вклад в становление образования в Казахстане, в казахскую национальную литературу и в дело приобщения казахов к передовой, демократической культуре. Многогранная деятельность Ибрая Алтынсарина способствовала экономическому, культурному и духовному развитию всего казахского народа. В его творчестве отразился дух времени, события из истории казахской общественной жизни, оставившие неизгладимый след в памяти потомков. Он является выдающимся педагогом, писателем и общественным деятелем.

Жизнь Ибрая Алтынсарина пример на все времена. Его имя всегда будет символом просвещения, образования и служения своему народу.

Мы должны гордиться нашими великими земляками и передавать память о них будущим поколениям.

#### Список литературы

1. **Назарбаев, Н. А.** В потоке истории [Текст] / Н. А. Назарбаев. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.
2. **Алтынсарин, И.** Избранные произведения [Текст] / сост. Б. С. Сулейменов. – Алма-Ата: Академия наук Каз. ССР, 1957. – 464 с.
3. **Бестик, И. В.** Верный сын казахского народа [Электронный ресурс] / И. В. Бестик. – Режим доступа :<http://azbyka.kz/vernyy-syn-kazahskogo-naroda>. – Дата обращения: 21.09.2021.
4. **Егуюкова, Ю. В.** Великий педагог-просветитель казахского народа [Текст]: материалы республиканской научно-практической конференции на тему «Современные методики и технологии в модернизации системы образования» / Аркалыкский государственный педагогический институт им. И. Алтынсарина. – Аркалык, 2012. – 439 с.
5. **Алтынсарин, И.** Собрание сочинений в трех томах [Текст] / ред. кол.: А. Нусупбеков [и др.]. – Алма-Ата : «Наука» Каз. ССР, 1975. – Т. 1. – 359 с.
6. **Антология казахской поэзии** [Текст] / сост. К. Джармагамбетов [и др.]. – М.: Государственное изд-во худ. литературы, 1958. – 861 с.
7. **Овсянникова, У.** Ценность знаний сквозь века [Текст] / У. Овсянникова; фото Сергея Фоменко // Рудненский рабочий. – 2017. – 20 октября. – С. 9.

ӨЖ 37.01

#### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН –ҰЛЫ ДАЛА АҒАРТУШЫСЫ

*Дауренбекова К. Р. – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, «Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқармасы» ММ, Денисов ауданы білім бөлімінің «Фрунзе жалпы білім беретін мектебі» КММ, Денисов ауданы.*

*Ыбырай Алтынсарин – қазақ балаларының білім алуына көп еңбек сіңірген, қазақ қыздарына арнап мектеп пен интернаттарды ашуды алғаш қолға алған біртуар тұлға. Көптеген өлеңдер мен әңгімелер, дидактикалық материалдар жазып қазақ педагогикасының негізін қалаған. Ыбырайдың мол тәрбиелік мәні бар мұрасы әлі де өзекті, яғнибұл Алтынсариннің педагогикалық идеяларының бүгінгі білім беру жүйесімен сабақтастығын көрсетеді.*

*Кілт сөздер: ағартушы, педагог, Ыбырай Алтынсарин, мектеп, педагогикалық идеялар, сауатсыздық, қазақ балалары.*

Кез келген халық өзінің саясаттанушы, қоғам қайраткері, ақын және жазушыларымен мақтана алады. Қазақстан тарихына Ыбырай есімі қазақ ағарту ісінің көрнекті өкілі, педагог, мектепте білім беру саласының қоғам қайраткері ретінде кірді. Қазіргі Қазақстанда бүкіл саналы өмірін сауатсыздықты жоюға арнаған, қазақ халқын орыс және әлем мәдениетіне тануға шақырған Ыбырайды ерекше құрмет тұтады.

Биыл қазақ халқының аса көрнекті ағартушы – педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, аудармашы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толады. Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының ағартушылық тарихында үлкен із қалдырған. Ол балалар әдебиетінің негізін қалаушы. Оны Қазақстанда педагогика ғылымының, білім беру жүйесінің құрылуының негізін қалаушы деп те атайды.

Қазақстанның солтүстік батыс өңіріне тиесілі Қостанай облысының Тобыл өзенінің жанында Қостанай қаласының әкімшілік орталығынан бірнеше шақырым аралықта бір кесене көзге түседі. Бұл жерде қазақ даласының алғашқы мектеп ұстазы – Ыбырай Алтынсарин жерленген. Он тоғызыншы ғасырдың ортасына дейін бұл жерлерде мектеп болмаған еді, білім орталығы болып мешіт ішінен ашылған медресе есептелді. Бұрын медреселерде Құранды оқыта отырып, оқуға, жазуға, араб тілін үйрететін, бірақ бұндай білім алуға тек ауқатты отбасы балаларының ғана мүмкіншілігі болатын. Ыбырай Алтынсарин алғаш қазақ даласында мектеп ашып, жаңашылдық енгізді. Оның арқасында халық арасынан шыққан қарапайым отбасыларының балаларына білім алу мүмкін бола бастады. Заманауи Орынбор қаласы XIX ғасырдың ортасында тірек пункті етіп құрылды. Ол оңтүстік шығысында Ресей империясымен шекаралас болатын. Осыдан 170 жылдай бұрын 1850 жылдың тамыз айында Орынбордың ең басты көшелерінің бірі, қазір Советская деп аталатын көшеде дала балаларына білім беретін ең алғаш мектеп пайда болды. Мектепке дала ақсүйектерінің балаларын 8 жастан қабылдады. Мектепте орыс, татар тілдерін, құран үйренумен бірге, есеп, география, геометрия, сызу пәндері де, тіпті заңтану пәні де оқытылды. Онда басшы бола алатын мамандарды да дайындады. Яғни, мемлекетке білімді басшы керек екендігі сол кезде ақ белгілі болатын. Бірақ патша әкімшілігі басшыны сырттай жергілікті халық арасынан, орыс тілінде іс жүргізе алатын, патша тәртібіне көнетін тілші, аудармашы бола алаты адамдар дайындауға бұрмалап, Алтынсариннің бастамасына қарсылық білдірді, іштей екінші жағынан Ыбырайдың жаңашылдығына қарсы шығып, қазақ балаларын солдаттық қызметке дайындап жатыр деп Ыбырай саясатын бұрмалауға тырысты. Ал Ыбырай болса қазақ балаларына білім беріп, олардың өз халқына пайдасы тисін деп алған бетінен қайтпай тырмысты. Ыбырайдың бір еңбегі 1864 жылы халық мектебінің ашылуы еді. Ыбырай Алтынсариннің тағы бір еңбегі өз тілімізде оқулықтың жазылуы.

Ұлт ұстазы біздің тарихымызда өшпес із қалдырды. Оның арманы – халықтың гүлденген болашағына нық сеніммен қарайтын білімді жастар болды. Ыбырай Алтынсариннің өмірі туралы көп жазылды. Біз Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, шығармашылығымен мектеп оқулығынан таныстық. Ыбырай Алтынсарин жылы Қостанай облысы, Қостанай ауданында туған. Әкесі Алтынсары ерте қайтыс болып, атасы Балғожа бидің қолында тәрбиеленеді. Атақты әрі беделі зор Балғожа би немересінің оқуына көп көңіл бөлген. Отбасы ауқатты болғандықтан, Ыбырайдың білім алуына жақсы мүмкіндік болды. Бірақ Балғожа атасы Ыбырайды білім алып, ел басқару ісіне араласқанын қалады. Содан да болар, Орынборда ашылған орыс қазақ мектебіне қабылданған қазақ балаларының бірі Ыбырай болатын. Орынборда Ыбырай белгілі шығыстанушы ғалым В.В. Григорьевпен жақын танысады. В.В. Григорьев Ыбырайға өзінің кітапханасымен пайдалануға Жасынан зерек Ыбырай білімге өте құштар болды. Ыбырай көп оқыды. Ресей мемлекетінің атақты орыс жазушыларының, дүние жүзі ағартушы педагогтарының шығармаларымен танысып, білімін толықтыра жүріп, Ыбырай өз халқына қызмет етуді ойлай бастайды. Сөйтіп Ыбырай бала оқыту жұмысын қолға ала бастайды. Сол кездегі халық арасындағы теңсіздікті көріп, қарапайым қазақ халқын қорғап, тек оқу, қазақ балаларының көзін ашу табысқы жетелейді деп түсініп, қазақ балалары үшін мектеп ашу ісін қолға алады. 1879 – 1883 жылдар арасында қазақ балаларына арнап мектептер ашыла бастады. Ал 1887 жылы тұңғыш қазақ қыздарына арналған мектеп ашылды. Әрине, мектеп ашу жұмысында көптеген қиыншылықтар кездесті: сауатты мұғалімдер, қазақ тілінде жазылған оқулықтар кемде-кем, жоқ десе де болатын. Міне осылайша басқа да қызметтерде істеп жүріп, қазақ тілінде кітап жазу ісін қолға алып, Ыбырай «Қазақ хрестоматиясы» кітабын Орынборда басып шығарады. Бұл кітапқа балаларға арналған өлеңдер, әңгімелер енгізілді. Сондай өлеңдердің бірі жазушының «Кел, балалар, оқылық!»[1] өлеңі. Жазушының өлеңін оқи отырып, әр жолдарынан қазіргі уақытта да Ыбырай өлеңінің өзектілігін көреміз. Өлеңде қазақ балаларын оқуға, білім алуға шақырды. Ғылыммен айналысуға, өнер үйренуге бағыттады.

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге,  
Ықыласпен тоқылық.  
Істің болар қайыры  
Бастасаңыз Аллалап.  
Оқымаған жүреді  
Қараңғыны қармалап.

Білімі бар бала жетістікке жетеді деп, өлең жолдарын қайталап отырады.

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар.

Білім болса алдыңнан бар мүмкіндік ашылатынына сендіреді

...Мал дәулеттің байлығы,

Бір жұтасаң жоқ болар,

Оқымыстың байлығы,

Күннен- күнге көп болар,

Еш жұтамақ жоқ болар.

Мал, дүние ол да бітеді, ал білім ешқашан сарқылмайды дей келе,

....Сиса көйлек үстінде

Тоқуменен табылған.

Сауысқанның тамағы

Шоқуменен табылған.

Өнер-білім бәрі де

Оқуменен табылған.

Ең басты байлық білім екеніне тоқталып, білім алу үшін де көп еңбектену керектігін айтады.

Қазір әлем тез өзгеріп жатыр. Еліміздің болашағын ойлаған әр азамат алға қарыштап нық қадам басу керек. Соған байланысты, бүгінде жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сай білім беру – қазіргі уақытта, республикамыздағы басты мәселелердің бірі болып табылады. Осыған орай, білім беру саласында ұлттық ерекшеліктерімізді, қол жеткізген табыстарымызды ескере отырып, әлемдік тәжірибені саралай отырып, оқыту мен тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Қазіргі қоғам сұранысы – жылдам дамып жатқан ортаға тез бейімделетін, алған білімін қоғам үшін пайдаланатын, шығармашыл, ізденімпаз, құзіретті тұлға қалыптастыру. Біздің қоғамымыздың болашағы – жас тұлғаға бағыт беретін ұстаз қандай болуы керек, нені оқытуы керек? Оны әу баста-ақ даға ұстазымыз дәлелдеп берген еді. Ол өз заманының жаңашыл педагогы болды, шығармашылық тұрғыдан өте ізденімпаз болатын. Қазіргі білім беру саласындағы басты талап та – Ыбырайдың педагогикалық ілімін жалғастыру. Ыбырай атамыз қазақ баласына орыс тілін үйрету үшін алдымен, сөздік қорын толықтыру деп есептеген. Заттарды көрсете отырып, жадысына заттардың түр-түсі мен әрекетін білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін санасына құйған, әрі оны басты назарда ұстаған болатын. Мұны біз де – ұстаздар қауымы мектепте кеңінен қолданып та жүрміз. Осы кезде айтарым, екінші тілді үйрену үшін мына бір жайтты естен шығармайық. Ыбырай тілді жетік меңгеру үшін өзінің досы Н.Ильминскийдің отбасымен жақын араласты, өзге тілді үйренуге талаптанды, өзге тілді өз құлғына, санасына сіңісті қылды, осының арқасында тілді де жетік меңгерді. Жаңартылған білім беру мазмұнының да бір стратегиясы «Тыңдау-көру-оқу». Оқушы естіп-тыңдайды, көзбен көреді, оқиды. Осылайша санасына қалыптастырады.

Ал қоғам сұранысынан туындап отырған осындай талапқа сәйкес оқушыны оқытып тәрбиелеу үшін, мектепке заманауи технологиялармен қаруланған, жаңа оқулықтармен, жаңа бағдарламамен жұмыс істей алатын мамандар қажет. Міне, Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеяларының бүгінгі білім беру жүйесімен сабақтастығы. Ыбырай ешқашан оқу бағдарламасымен шектеліп қалған жоқ, ізденісті баладан да күтетін. Қазіргі кезде біз бе бағыт беруші рөліндеміз, бала көбінесе өзі ізденсе, АКТ пайдаланса, мүмкіншілігі де артады, тіл үйренуіне жеңіл жол болады.

Қорыта айтқанда, Ыбырай Алтынсарин – жан-жағына шуағын шашқан, білім нәрімен сусындатқан, жанашыр тұлға. Еліміздегі әр мектептің бүгіні мен ертеңі әр ұстазды толғандырады. Мен де өз мектебімнің келешегі жарқын болғанын қалаймын. Сондықтан да білім беру саласындағы өзгерістерді, енгізіліп жатқан жаңалықтарды үйреніп, қоғам алдындағы, шәкірт алдындағы борышымды адал атқарамын.

## Әдебиеттер тізімі

### 1. Ы. Алтынсарин «Қырғыз хрестоматисы».